

FTAMI 06.75.10

ӘОЖ 334.7

JEL L26

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2025-1-1-136-149>

ЕЛШИБАЕВ Р.К.,*¹

э.ғ.к., профессор.

*e-mail: rakymzhan.yelshibayev@bk.ru

ORCID ID: 0000-0001-7119-7400

УКУБАСОВА Г.С.,²

PhD, э.ғ.к., профессор.

e-mail: Ukubasova_g@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6771-7378

АМИРБЕКОВА А.Б.,³

э.ғ.м., аға оқытушы.

e-mail: ainurkhan@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-0965-1382

ТУНГАТАРОВА Б.М.,⁴

докторант.

e-mail: Botakoz737@gmail.com

ORCID ID: 0009-0006-3006-9393

¹Нархоз Университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²Есіл университеті,

Астана қ., Қазақстан

³Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық

Тараз университеті,

Тараз қ., Қазақстан

⁴Қазақстан-Британ техникалық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАНДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Андатпа

Кәсіпкерліктің ұлттық экономикадағы маңызы мен рөлі талас тудырмайды. Әсіресе, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту басымдыққа ие екендігі белгілі. Себебі, ең алдымен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының кепілі болып табылады. Бірақ қазіргі кезге дейін мемлекет тарапынан барлық жағдайлар жасалғанымен көзделген нақты нәтижелерге қол жеткізілмеді. Бұл жағдай осы бағытта зерттеулер жүргізудің қажеттілігін көрсетеді. Зерттеу жұмысының мақсаты шағын және орта кәсіпкерліктің қалыптасуы мен даму жағдайын, мемлекеттік қолдау жүйесінің ықпалын бағалау және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау. Еліміз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап қазіргі кезге дейін кәсіпкерлікті қолдаудың түрлі құралдары қолданылып келеді. Бірнеше мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, жүзеге асырылды. Бірақ нақты нәтижелері төмен. Осы бағытта сыни талдау, жүйелеу, бағалау бойынша ізденістер жасалды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекет тарапынан қолдау бойынша қабылданып, іске асырылған бағдарламалар оның қарқынды дамуына, көрсеткіштерінің жақсаруына айтарлықтай оң әсер ете алмаған. Тіпті кейбір бағдарламалар жүзеге асыру кезеңі аяқталмастан, тоқтатылған немесе күшін жойған. Мемлекеттің кәсіпкерлікті дамыту бойынша бастамалары соңына дейін жеткізілмеген, сәйкесінше нақты нәтижелер болмаған. Осы мәселеге қатысты авторлық тұжырымдар мен ұсыныстар жасалған. Мұның барлығы ғылыми және практикалық маңызы жоғары екендігін көрсетеді. Зерттеу жұмысының құндылығы, ең алдымен, елімізде кәсіпкерлікті, соның ішінде шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін мемлекет тарапынан жасалған қолдауларды жүйелеу, нәтижелерін бағалау және оны жетілдіру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар мен тұжырымдар жасаумен сипатталады. Зерттеу нәтижелері шағын және орта бизнес субъектілерінің дамуына, қызмет тиімділігін жоғарылатуға оң әсер етеді. Сондықтан тек теориялық қана емес, тәжірибелік маңызы да жоғары.

Тірек сөздер: шағын және орта кәсіпкерлік, ұлттық экономика, жеке меншік, жекешелендіру, даму, бәсекелік орта, инвестор, мемлекеттік бағдарлама.

Кіріспе

Еліміз егемендігін алған сәттен бастап бүгінгі күнге дейін кәсіпкерлікті дамытуға, әсіресе шағын және орта кәсіпкерлікке мемлекет тарапынан айрықша назар аударылды. Алайда, оның негізгі көрсеткіштері, атап айтқанда, жалпы ішкі өнімдегі үлесі, даму тенденциясы, тіркелген және нақты жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің арасындағы алшақтық, өндіріс (қызмет көрсету, жұмыс орындау) көлемі бойынша жақсы нәтижелерге қол жеткізбеді. Ресми статистикалық мәліметтерде даму тенденциясы байқалғанымен, салыстырмалы бағалау кезінде бұл бағытта әлі де болса, жүйелі жұмыстар жасалу қажеттігін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу тақырыбы өзекті, жан-жақты терең ізденістерді қажет етеді.

Қазақстан Республикасының Президентінің халыққа арнаған Жолдауында да кәсіпкерлікті дамыту мәселесіне тоқталып, әсіресе орта кәсіпкерлікке көңіл бөлу қажеттілігі айтылды. Елімізде орта кәсіпкерліктің даму қарқыны төмен екендігі, оның дамуын тежейтін кедергілерді жою керектігі, «қолмен көтеруге» тура келетіндігі айтылды. Үкіметке шағын бизнестің өзара бірігіп, ірі кәсіп иесіне айналуына ынталандыру үшін заңға өзгерістер енгізу керек деген нақты тапсырма жүктелді [1]. Осы бағытта қазіргі кезде салық кодексіне және басқа да бірқатар заңнамалық құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілу көзделіп отырғанын атап өту қажет. Бұл зерттеу тақырыбының ғылым мен тәжірибенің бүгінгі таңдағы өзекті мәселелеріне сәйкес келетіндігін көрсетеді.

Шағын және орта кәсіпкерліктің ұлттық экономикадағы рөлі мен маңызы жоғары. Әсіресе мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық саясатын табысты іске асыруға жаңа жұмыс орындарын құру, салықтық түсімдерді ұлғайту, отандық өндірісті дамыту, импорт алмастыру және бәсекені дамыту арқылы ықпал етеді. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың қажеттілігі пандемия жағдайында айқын көрініс тапты. Осы кезеңде мемлекет тарапынан белсенді қолдау жасаудың нәтижесінде бірқатар тәуекелдерді азайтуға қол жеткізілді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап бүгінгі күнге дейін кәсіпкерлік субъектілеріне үздіксіз қолдау жасалса да, нақты нәтижелері әлі де төмен деңгейде қалып отыр. Осыған байланысты, кәсіпкерлікті, әсіресе шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға жаңаша көзқарас пен тың тәсілдер анықталып, жүйелі жұмыстар жүргізілуі тиіс.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы дайындау барысында кәсіпкерлік аясында зерттеулер жүргізген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, көзқарастары мен пікірлері қарастырылды. Жұмыстың теориялық-әдістемелік негізін кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бағдарламаларының, заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілердің негізгі ережелері, ғылыми журналдарда жарияланған мақалалар құрайды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми мәліметтері бойынша экономика-статистикалық талдау жасалды.

Зерттеу жұмысын жүргізу кезінде сыни талдау, жүйелеу, экономика-статистикалық талдау, салыстырмалы бағалау әдіс-тәсілдері пайдаланылды. Көрсетілген әдіс-тәсілдердің барлығы функционалдық мақсаттарына байланысты қолданылды. Ол мақсатқа жетуге, міндеттерді шешуге және ғылыми нәтижені бағалауға жағдай жасайды.

Ғылыми мақалада 1991 жылдан бастап 2024 жылға дейінгі аралықта кәсіпкерлікті, шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бағдарламалары, жалпы ғылыми әдістер қолданылды.

Кәсіпкерлікті көлеміне қарай бөлудің негізгі мақсаттарының бірі мемлекеттік қолдау көрсетумен байланысты. Қазіргі кездегі қолданыстағы заңнамаға сәйкес шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жатқызу үшін қызметкерлердің орташа жылдық саны мен орташа жылдық табысы негізгі өлшемшарт ретінде қолданылады. Егер қызметкерлердің орташа жылдық саны 100 адамнан, орташа жылдық табысы 300 000 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын болса шағын кәсіпкерлікке, ал, қызметкерлер саны 250 адамнан, орташа жылдық табысы 3000 000 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын болса орта кәсіпкерлікке жатқызылады. Бұл өлшемдерден асқан жағдайда ірі кәсіпкерлік болып табылады. Біздің елімізде көбінесе шағын кәсіпкерлік субъектілеріне көптеген қолдаулар мен жеңілдіктер қарастырылған.

Қазақстанда кәсіпкерлікті қолдаудың негізгі 2 түрі: қаржылық және қаржылық емес қолдау кеңінен тараған. Қаржылық қолдау сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау және ішінара кепілдіктер беру арқылы жасалады. Ол шағын, микро, орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау, өңдеуші өнеркәсіптегі шағын, орта, ірі кәсіпкерлікті қолдау, моно және шағын қалаларда, ауылдық елді мекендерде кәсіпкерлікті қолдау, әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау бағыттары бойынша жүзеге асырылады. Қаржылық емес қолдау мемлекеттік қолдау шараларын түсіндіру, кәсіпкерлік негіздерін оқыту, біліктілікті жоғарылату, қайта даярлау, сервистік қолдау көрсету, кеңес беру қызметтерін ұсыну, іскерлік байланыстар орнату сияқты қызметтер көрсету арқылы жүргізіледі.

Зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде көптеген мәселелер қарастырылған. Әсіресе, шағын және орта кәсіпкерлікке жатқызу өлшемдері, ұйымдастыру және басқару ерекшеліктері, әлеуметтік-экономикалық маңызы, дамыту мәселелері жөнінде түрлі пікірлер қалыптасқан. Экономикалық әдебиеттерде оның әр алуан аспектілері қарастырылғанымен, ғылыми тұрғыда тереңінен зерттеуді қажет ететін тұстары жетерлік. Зерттеу тақырыбы бойынша қысқаша шолу жасайтын болсақ, Академик О. Сабден «инновациялық экономиканы құруда «үштік спираль» жеткіліксіз «бестік спиральға» өту қажет деп есептейді. Яғни, мемлекет, ғылым, бизнес, қоғам және ақпараттық қамтамасыз ету [2]. Осы аталған бес белгінің өзара үйлесімде қарастырылуы бизнес субъектілерінің қарқынды дамуына оң әсер етеді. Зерттеуші ғалымдардың тағы бір тобы А.К. Дарибаева, Н.Ж. Курманкулова, Ш.Р. Карбетованың пікірінше, көпдеңгейлі нарықтық, индустриалдық-инновациялық экономиканы құру үшін кәсіпкерлікті жаппай дамыту қажет [3]. Қазақстандық ғалым Л.К. Дюсембаева, шағын және орта кәсіпкерлікте меншік пен басқарудың үйлесуі бәсекеге қабілеттілікте нақты артықшылықты қамтамасыз етеді деген пікір айтқан [4]. Р.К. Сабирова, А.А. Мусаева, А.Р. Тажиденова жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесін шешуде шағын кәсіпкерлікті дамытудың маңызы жоғары екендігін, жастар кәсіпкерлігін дамытуға көңіл бөлу қажеттігін айтады [5].

Зерттеу тақырыбы бойынша ізденістер жасаған ресейлік бірқатар авторлар шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың тиімді механизмдерін анықтау қажет деген пікірді ұстанса [6], тағы бір топ зерттеушілер К.А. Мызрова, А.А. Спектор, А.С. Заводцков, шағын бизнестің тұрақты дамуына автоматтандыру мен цифрлық трансформация арқылы жетуді ұсынады. Осыған байланысты, бұл мәселеге көңіл бөлу керектігін айтады [7].

Жоғарыда аталған пікірлердің өзектілігі мен маңыздылығы күмән тудырмайды. Алайда, елімізде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасу және даму бағыттары, мемлекеттік қолдау бағдарламалары мен оның нәтижелері жөнінде жүйелі жұмыстар жүргізу қажеттілігі байқалады. Ол зерттеу тақырыбының өзектілігімен қатар, ғылыми маңызы да жоғары екендігін білдіреді.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақстан Республикасы Кеңес одағының құрамынан шыққан соң өзінің даму жолын таңдады. Яғни, жоспарлы экономикадан бас тартып нарықтық экономикаға өтті. Осыған байланысты, нарықтың талаптарына сай бірқатар реформаларды жүзеге асыру қажет болды. Атап айтқанда, мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруді белсенді жүргізу қолға алынды. Ол негізінен 4 кезең бойынша жүзеге асырылды. Міне, осы кезеңдерде қазақстандық кәсіпкерлік орта қалыптасты деп айтуға болады.

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1-кезеңі 1991–1992 жж. аралығында жүргізілді. Бұл кезеңде кәсіпорын мүлкін еңбек ұжымына сату арқылы жаңа меншік иелері қалыптасты. Сауда және қызмет көрсету саласындағы кәсіпкерліктің пайда болуы осы кезеңге сәйкес келеді.

Жекешелендірудің 2-кезеңін табысты жүзеге асыру мақсатында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993–1995 жылдарға арналған ұлттық бағдарламасы қабылданды. Оның басты мақсаты мемлекеттік өндіріс объектілерін халыққа беру арқылы нарыққа өтуді жеделде-

ту болды. Анықталған мақсатқа жету үшін шешімін табуы тиіс міндеттердің қатарына мыналар жатқызылды:

- ♦ мемлекеттік меншікті акционерлеу;
- ♦ жеке меншік иелерінің тобын қалыптастыру;
- ♦ бәсекелік орта құру және монополияға жол бермеу;
- ♦ шетелдік инвесторлардың қатысуымен бірлескен кәсіпорындар құру [8].

Осы кезеңде жүзеге асырылған іс-шаралар шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына айтарлықтай оң әсер етті және үлкен мүмкіндіктер берді. Елімізде акционерлік нысандағы кәсіпкерліктер, бірлескен кәсіпорындар, агроөнеркәсіптік кешендегі кәсіпкерлік көптеп ашылып, дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Жоғарыда айтып өткеніміздей, осы кезеңде шағын және жаппай жекешелендіру арқылы халық шаруашылығының түрлі салаларында кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуы орын алды. Ауыл шаруашылығында кәсіпкерліктің қалыптасуы да осы кезеңге сәйкес келеді.

Шағын және орта кәсіпкерліктің қалыптасу кезеңінде мемлекет тарапынан жасалатын қолдаудың маңыздылығы жоғары. Қазіргі кезге дейін кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың бірнеше бағдарламалары қабылданды. 2010 жылға дейін негізінен қысқа мерзімді 1–2 жылға арналған бағдарламалар (1992–1994 жж, 1994–1996 жж., 1996–1998 жж, 1999–2000 жж., 2001–2002 жж., 2004–2006 жж., 2005–2007 жж.) қабылданса, 2010 жылдан бастап бизнесті жүйелі түрде қолдаудың іс-шаралары қолға алынды. 2020 жылға дейінгі кезеңді қамтитын Бизнестің жол картасы, Өнімділік, Экспорт, Жұмыспен қамту, Инвестор деген сияқты бағдарламалар қабылданды. Бірақ бұл бағдарламалар соңына дейін жеткізілмей, күшін жойды. Тек «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы ғана едәуір нәтижелі болды. Ол шикізаттық емес салада кәсіпкерлікті дамыту, жаңа жұмыс орындарын құру және тұрақты жұмыс орындарын сақтау мақсатын көздейді. Осы мақсатқа жету үшін мынадай 4 бағыт бойынша іске асырылды:

- ♦ жаңа бизнес бастамаларды қолдау;
- ♦ кәсіпкерлік секторды сауықтыру;
- ♦ кәсіпкерлердің валюталық тәуекелдерін төмендету;
- ♦ кәсіпкерлік әлеуетті күшейту [9].

Бұл бағдарламаны іске асыру шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау қаржылық және қаржылық емес нысандарда жүргізілді. 2015 жылдан бастап Атамекен Ұлттық кәсіпкерлер палатасы қаржылық емес қолдау бағытында Бизнес-Кеңесші, Бизнес-Өсу, Іскерлік қатынастар, Аға сеньорлар, Бизнес-Насихат, Кәсіпкерлерге арналған сервистік қолдау, Ақпараттық-кеңес беру қызметтері бойынша кең көлемді жұмыстар атқарды. Сонымен қатар, Бизнестің жол картасы 2020 бағдарламасының нақты нәтижелеріне қысқаша тоқталсақ, 2009 жылмен салыстырғанда, 2018 жылы шағын және орта кәсіпкерліктің жалпы ішкі өнімдегі үлесі 10,7%-ға өсіп 28,4%-ды құраған. Ал жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 577954 бірлікке немесе 87,1%-ға, өндіріс көлемі 21106113 млн теңгеге немесе 5 есеге, жұмыспен қамтылғандар саны 1015857 адамға немесе 144%-ға ұлғайған. Бірақ бұл сандық мәліметтер салыстырмалы түрде алғанда он жыл үшін айтарлықтай жоғары нәтиже болып саналмайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен 2019 ж. Бизнестің жол картасы 2025 бизнесті қолдау мен дамыту бағдарламасы қабылданды. Бұл алдыңғы бағдарламаның жалғасы деп те айтуға болады. Бірақ бұл бағдарлама 2 жылдан кейін, яғни 2022 жылдың ақпан айынан бастап қолданыстан шығарылды немесе күшін жойды [10].

Шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шаралары оның даму динамикасын қалай әсер еткенін бағалау үшін қол жеткен ресми мәліметтер бойынша қысқаша талдау жасайық.

Соңғы үш жылдағы шағын және орта кәсіпкерліктің негізгі көрсеткіштерін 1-кестеден көруге болады.

Бірінші кестеде жасалған есептеулерден көріп отырғанымыздай, соңғы 3 жыл ішінде белсенді шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 461500 бірлікке немесе 34%-ға өскен. Мұндағы негізгі өсім дара кәсіпкерлер есебінен болған. 2020 ж. оның саны 857900 бірлікті құраса, 2022 ж. 376600 бірлікке немесе 43,9%-ға артып 1234500 бірлікті құраған.

Барлық шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің 67,9% дара кәсіпкерлер құраған. Бұл дара кәсіпкерлікті ашудың оңай болуы және бірқатар артықшылықтарды иеленуімен байланысты. Дара кәсіпкерліктің үлесі 2020 ж. 63,2% құраса, 2022 ж. 4,7%-ға өсіп 67,9%-ға жеткен. Шағын және орта кәсіпорындар керісінше 1,9%-ға төмендеп 18,9% құраған. Бұл көрсеткіш шағын және орта бизнес субъектілері бойынша ғылыми ізденістер мен кешенді талдауларды қажет етеді. Бұл жағдай кәсіпкерлік субъектілерінің тиімсіздігін көрсетпейді, ал олардың қызметінің ұйымдастырушылық-экономикалық аспектілерін жетілдіруді қажет етеді. Мәселен, шағын кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс көлемі 20000 айлық есептік көрсеткіштен (73840000 тг) асатын болса, қосымша құн салығын төлеуші ретінде тіркелуі тиіс. Бұл кәсіпкерлер үшін қосымша 12% жүктеме болып табылады. Сондықтан да көптеген кәсіпкерлер айналым көлемі жақындағанда кәсіпорын қызметін уақытша тоқтатып, жаңадан ашылған кәсіпкерлік субъектісінде қызметін жалғастырады. Яғни, бизнесті қолмен бөлшектеуге алып келеді. Міне, осындай жағдай орын алмас үшін қазіргі кезде бөлшек сауда салығын қолданушылар тізілімі айтарлықтай ұлғайтылды.

Кесте 1 – Шағын және орта кәсіпкерліктің негізгі көрсеткіштері

Негізгі көрсеткіштер	01.01.2021ж.	01.01.2022ж.	01.01.2023ж.	01.01.2023ж. 01.01.2021ж.-ға	
				+-	%
Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны, мың бірлік, барлығы	1357,3	1431,6	1818,8	461,5	134,0
соның ішінде, шағын және орта кәсіпорын	282,7	302,5	343,5	60,8	121,5
Дара кәсіпкерлер	857,9	907,7	1234,5	376,6	143,9
Шаруа (фермер) қожалықтары	216,7	221,4	240,7	24,0	110,7
Шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны, мың адам	3472,6	3511,6	4107	634,4	118,3
Шағын және орта кәсіпорындарда	1818,3	1839,9	2106,1	287,8	115,8
Дара кәсіпкерлікте	1353,8	1367,1	1678,5	324,7	124,0
Шаруа (фермер) қожалықтарында	300,5	304,6	322,4	21,9	107,3
Шағын және орта кәсіпкерлікте өнім шығару көлемі, млрд теңге	33627,0	41952,6	54797,7	21170,7	162,9
Шағын және орта кәсіпорындарда	29863,6	36128,0	47221,7	17358,1	158,1
Дара кәсіпкерлікте	1729,8	3404,4	4471,7	2741,9	258,8
Шаруа (фермер) қожалықтарында	2033,6	2420,2	3104,3	1070,7	152,6
Ескертпе: [11] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.					

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің 31% – өзге де қызмет түрлерін ұсыну, 29,7% – көтерме және бөлшек сауда, автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу, 11,3% – ауыл, орман және балық шаруашылығы, 10,3% – өнеркәсіп салаларында қызметін жүзеге асырған. Ресми статистикалық мәліметтерден көріп отырғанымыздай шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің 60%-дан астамы сауда және қызмет көрсету салаларына тиесілі. Өнеркәсіп салаларында 10,3%-ды ғана құрайды. Бұл жағдай елімізде өндірістік кәсіпкерлікті дамытуға баса назар аудару қажеттігін көрсетеді. Сондықтан импортты алмастырушы және отандық өнімдер өндіруші шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін мемлекет тарапынан қолдаудың жаңа механизмі әзірленуі тиіс.

Өз ісін бастаған кез-келген кәсіпкер бірінші кезекте тәуекел дәрежесі мен капиталдың қайтымдылық мерзіміне көңіл бөлуі тиіс. Сол себепті де, сауда және қызмет көрсету салалары кәсіпкерлер үшін айтарлықтай тартымды болып саналады.

Талдау жасалып отырған кезең ішінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінде жұмыспен қамтылғандар саны 634400 адамға немесе 18,3%-ға ғана өскен. 2022 ж. шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінде жұмыспен қамтылғандардың жартысынан астамы (51,3%) шағын және орта кәсіпорындарда еңбек еткен. Соңғы үш жыл ішінде өндірілген өнім көлемі 21170,7 млрд теңгеге немесе 62,9%-ға ұлғайып 54797,7 млрд теңгені құраған. Өндірілген өнімнің ең көп бөлігі 86,1% шағын және орта кәсіпорындарға тиесілі болса, 8,2% дара кәсіпкерлер, 5,7% шаруа (фермер) қожалықтары өндірген.

Сонымен, жасалған есептеулер мен талдау нәтижелерінен байқағанымыздай, жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің ең көп бөлігін дара кәсіпкерлер құраса, жұмыспен қамтылғандар мен өндіріс көлемі бойынша шағын және орта кәсіпорындардың әлеуеті жоғары болып отыр. Шағын және орта бизнес субъектілерінің жартысынан көп бөлігі сауда және қызмет көрсету салаларында қызметін жүзеге асырады. Елімізде өндірістік кәсіпкерлікті дамыту мәселесі жиі айтылғанымен, нақты нәтижесі төмен екендігін нақты деректерден көруге болады. Біздің ойымызша, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы едәуір тиімді бағдарламалардың бірі. Осы бағдарламаны жетілдіруге көңіл бөлген дұрыс.

Шағын және орта кәсіпкерлік өңірлердің дамуына да өзіндік үлесін қосады. Өңірлік өнім көлемінің өсуіне, жаңа жұмыс орындарын құруға, жергілікті бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайтуға оң ықпал етеді. Сондықтан өңірлер бойынша да қысқаша талдау жасайық.

2-кестеде берілген мәліметтерден байқағанымыздай, 3 жыл ішінде жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны бойынша ең жоғары өсім Шымкент қаласында 40,5 мың бірлік (57,9%), Алматы қаласында 95,6 мың бірлік (48,5%), Алматы облысында 37,1 мың бірлік (46,6%), Маңғыстау облысында 22,4 мың бірлік (42,3%), Астана қаласында 59,5 мың бірлік (41,1%) байқалады. Ең аз өсім солтүстік өңірлерге тиесілі. Солтүстік Қазақстан облысында 2,8 мың бірлікке (9,2%-ға), Павлодар облысында 6,3 мың бірлікке (13,7%-ға) ғана артқан. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің ең көп бөлігі 16,1% – Алматы қаласында, 11,2% – Астана қаласында, 10,1% – Түркістан облысында қызметін жүзеге асырып отыр.

Кесте 2 – Өңірлер бойынша шағын және орта кәсіпкерліктің негізгі көрсеткіштері

Өңірлер	01.01.2021 ж.			01.01.2023 ж.		
	Белсенді ШОК субъектілері, мың бірлік	ШОК жұмыспен қамтылғандар, мың адам	Өнім шығарылымы, млрд теңге	Белсенді ШОК субъектілері, мың бірлік	ШОК жұмыспен қамтылғандар, мың адам	Өнім шығарылымы, млрд теңге
Қазақстан Республикасы	1357,3	3472,6	33627,0	1818,8	4107,0	54797,7
Абай	38,3	88,8	432,8	49,7	100,0	646,4
Ақмола	46,6	131,9	947,8	54,8	141,4	1537,5
Ақтөбе	61,8	159,3	1084,7	82,6	181,9	1788,5
Алматы	79,5	173,1	1344,7	116,6	224,5	2869,6
Атырау	50,2	141,8	2119,5	63,1	155,4	4472,8
Батыс Қазақстан	43,0	108,0	1281,9	53,0	122,8	2296,7
Жамбыл	69,3	127,5	744,5	92,6	152,6	1078,6
Жетісу	43,7	95,0	499,9	53,6	100,9	786,8
Қарағанды	76,9	227,1	1476,4	93,1	237,0	2442,7
Қостанай	52,5	162,5	1355,5	61,1	168,7	2142,4
Қызылорда	48,7	98,8	397,7	67,1	121,0	603,4
Маңғыстау	52,9	126,0	1346,8	75,3	160,1	1851,3
Павлодар	45,8	134,1	922,8	52,1	138,1	1401,6

2-кестенің жалғасы

Солтүстік Қазақстан	30,3	107,0	776,8	33,1	106,8	1193,9
Түркістан	140,6	216,9	891,8	184,6	263,0	1510,5
Ұлытау	13,3	26,2	264,6	17,4	30,7	176,0
Шығыс Қазақстан	52,2	148,1	1005,0	61,5	158,2	1338,6
Астана қаласы	144,8	398,2	6634,6	204,3	492,0	10144,9
Алматы қаласы	197,1	634,5	9033,2	292,7	845,1	14523,8
Шымкент қаласы	69,9	167,8	1066,0	110,4	206,9	1991,9
Ескертпе: [11] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.						

Елімізде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінде жұмыс істейтіндер саны талдау жасалып отырған кезең ішінде Алматы қаласында 210,6 мың (33,2%), Алматы облысында 51,4 мың (29,7%), Маңғыстау облысында 34,1 мың (27,1%), Астана қаласында 93,8 мың (23,6%), Шымкент қаласында 39,1 мың (23,3%), Қызылорда облысында 22,2 мың (22,5%) адамға өскен. Ал Солтүстік Қазақстан облысында керісінше 200 адамға (0,2%-ға) азайған. Шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандардың ең көп бөлігі 20,6% – Алматы қаласына, 12% – Астана қаласына, 6,4% – Түркістан облысына, 5,8% – Қарағанды облысына, 5,5% – Алматы облысына тиесілі. Ал, ең аз бөлігі Ұлытау – 0,7%, Абай – 2,4%, Жетісу – 2,5%, Солтүстік Қазақстан – 2,6% облыстарында еңбек етеді.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінде өндірілген өнім көлемі Алматы және Атырау облыстарында 2,1 есеге ұлғайса, Шымкент қаласында 86,9%-ға, Батыс Қазақстан облысында 79,2%-ға, Түркістан облысында 69,4%-ға, Қарағанды облысында 65,4%-ға, Ақтөбе облысында 64,9%-ға өскен. Ұлытау облысында өндіріс көлемі керісінше 88,6 млрд теңгеге немесе 33,5%-ға төмендеген. Барлық өндірілген өнімнің 26,5% – Алматы қаласына, 18,5% – Астана қаласына тиесілі.

Сонымен, ресми статистикалық мәліметтер негізінде жасалған есептеулер мен талдау нәтижелері шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің даму жағдайы, тиімділігі мен әлеуметтік маңызы бойынша аймақтардағы әркелкілікті көрсетіп отыр. Еліміздегі ірі мегаполистерде әлі де басымдыққа ие екендігі айқын байқалады. Белсенді шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны, жұмыспен қамту жағдайы, өндіріс көлемі бойынша да алғашқы орындарда. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінде өндірілген өнімнің жартысына жуығын (45%) Алматы және Астана қалалары құрайды. Маңғыстау, Түркістан, Қызылорда облыстарында шағын және орта кәсіпкерлікке көңіл бөлінгені, даму тенденциясы байқалады. Ал еліміздің солтүстік өңірлерінде, атап айтқанда Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарында, сондай-ақ, жаңадан ашылған Ұлытау, Жетісу, Абай облыстарында шағын және орта кәсіпкерлікке ерекше назар аудару қажеттігі байқалады. Себебі, кәсіпкерлік субъектілері өңірдің дамуына ғана емес оның әлеуметтік-экономикалық әлеуетін көтеруге мүмкіндік береді.

Шағын және орта кәсіпкерліктің маңызды көрсеткіштерінің бірі жалпы өндірілген өнімдегі қосылған құнның үлесі болып табылады. Оны 3-кестеден көруге болады.

Кесте 3 – 2014–2023 жылдарға жалпы өндірілген өнімдегі шағын және орта кәсіпкерліктің жалпы қосылған құнының үлесі, %

	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.
Шағын және орта кәсіпкерлікте,	25,9	24,9	26,8	26,8	28,4	31,7	32,8	33,5	35,1	36,7
Шағын кәсіпкерлікте	16,1	20,0	22,1	22,2	22,6	25,5	26,3	26,8	28,2	30
Орта кәсіпкерлікте	9,8	4,9	4,7	4,6	5,8	6,2	6,5	6,7	6,9	6,7
Ескертпе: [11] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.										

3-кестеде берілген мәліметтерден көріп отырғанымыздай, соңғы 10 жыл ішінде жалпы өндірілген өнімдегі шағын және орта кәсіпкерліктің жалпы қосылған құнының үлесі 10,8%-ға өсіп 36,7% құраған. Соның ішінде шағын кәсіпкерліктің үлесі 30%, орта кәсіпкерлік 6,7% құрап отыр. Бұл салыстырмалы түрде алғанда едәуір жақсы нәтиже болғанымен әлі де төмен деңгейде екендігін көрсетеді. Өсіресе орта кәсіпкерліктің үлесін ұлғайтуға көңіл бөлу қажет.

Тағы бір ескеретін жағдай 2020 ж. пандемияның әсері шағын және орта кәсіпкерлікке өзіндік әсерін тигізді. Себебі, COVID 2019 коронавирусының таралуына байланысты бірқатар шектеулер орын алды. 300 мыңға жуық кәсіпкерлік субъектілері қызметін уақытша тоқтатса, 1,6 млн-нан астам адам уақытша ақысыз еңбек демалысына жіберілген. Алайда, осындай қиын жағдайда кәсіпкерлер мен жеке тұлғаларға мемлекет тарапынан белсенді қолдаулар көрсетілді. Мемлекеттің ең алғашқы әрекеті уақытша жұмыссыз қалғандарға ең төменгі жалақының мөлшерінде әлеуметтік төлемдер жасау болды. Осы кезеңде 4,5 млн-ға жуық адам 42500 теңге көлемінде көмек алған [12]. Шағын бизнес субъектілеріне табыс салығынан босату, салық есептілігін тапсыруды кейінге қалдыру, мүлік және жер салығынан босату, салық міндеттемелері бойынша өсімпұлдарды тоқтату сияқты жеңілдіктер жасалды. Шағын бизнес субъектілері үшін ең үлкен қолдау тексеруге мораторийдің жариялануы және табыс салығын төлеуден босатылуы болды.

Пандемиядан кейінгі кезеңде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға барлық елдерде ерекше назар аударылды. Шетелдік озық тәжірибелерде мемлекеттік қолдау бағдарламалары шағын және орта кәсіпкерліктің көлеміне, қызмет аясына, қолдау нысандары мен деңгейлеріне байланысты өзіндік әсерін тигізді. Ол қаржылық, техникалық және институционалдық қолдау нысандарын қамтыды [13].

Елімізде кәсіпкерліктің дамуына «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы» оң әсер етті. Ол адамдарды кәсіпкерлікке тарта отырып жұмыспен қамту мақсатында қабылданған болатын. Осы бағдарламаның шеңберінде «Бастау-Бизнес» жобасы арқылы кәсіпкерлік негіздерін оқыту, кәсіпкерлік бастамаларды қолдау, жаңа бизнес идеяларды іске асыруға қайтарымсыз гранттар беру, әлеуметтік жұмыс орындарын құру, жастар практикасын ұйымдастыру, жастар кәсіпкерлігін дамыту бойынша белсенді жұмыстар жүргізілді [14].

Осы бағдарламадан кейін Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен бірнеше ұлттық жобалар қабылданған болатын. Солардың бірі – 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту бойынша Ұлттық жоба [15]. Бірақ бұл жоба да соңына дейін жеткізілмеді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 22 қыркүйектегі № 828 қаулысымен күші жойылды.

Қазіргі кезде кәсіпкерлікті, соның ішінде шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асырылады [16].

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мен қызмет тиімділігін жоғарылатуда қаржылық қолдаудың маңызы жоғары. Бірқатар дамыған және дамушы елдерде қаржылық қолдауды еңбек өнімділігімен байланыстыра қарастырады және ол бәсекелік артықшылыққа алып келетін сыртқы ресурс ретінде қарастырылады. Корей және Қытай елінің зерттеушілері мемлекеттік қолдау мен шағын және орта кәсіпкерліктің өнімділігінің арасындағы корреляцияға талдау жасаған. Нарықтағы үлесі мен пайдасы тұрғысынан салықтық жеңілдіктер, қаржылық қолдау, өнімділік арасында оң нәтижені көрсеткен [17, 18].

Қазақстан жағдайында да мемлекеттік қолдау құралдарының тиімділігі мен өнімділігін бағалауға ерекше назар аударып, нақты әдістемелер мен көрсеткіштерін анықтауға көңіл бөлген дұрыс.

Кәсіпкерлікке қатысты ұлттық жоба мен мемлекеттік бағдарламалардың соңына дейін жеткізілмеуі, тоқтатылуы немесе күшін жоюы еліміздегі кәсіпкерлік ортаға өзіндік әсерін тигізеді. Бірақ шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды Үкімет басты назарда ұстап келеді. Ағымдағы жылы да «Бизнестің жол картасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламаларының механизмдерін біріктіретін кешенді бағдарлама әзірленді. Ол жаңа жұмыс орындарын құруға, импорт алмастырушы және экспортқа бағдарланған, бәсекеге қабілетті салаларды дамытуға бағытталған.

Қазіргі кезде кәсіпкерлік субъектілері үшін қаржылық қолдаудың маңыздылығы жоғары. Ол жаңа инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, өндірісті кеңейту мен модернизациялау, айналымдағы қаражатты толықтыру мақсатында пайдаланылады. Осы мақсаттарда алынған несиелік ресурстарды субсидиялау арқылы қолдау жасалады. Кәсіпкерлерді субсидиялау мынадай 6 бағыт бойынша жүргізіледі:

- 1) Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау;
- 2) Өңдеуші өнеркәсіптегі шағын, орта және ірі кәсіпкерлікті қолдау;
- 3) Моно - және шағын қалаларда, ауылдық елді мекендерде кәсіпкерлікті қолдау;
- 4) Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерін субсидиялау;
- 5) Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін өңірлік қаржыландыру;
- 6) Портфельдік субсидиялау.

Жоғарыда аталған бағыттар бойынша субсидиялау нәтижесінде, кәсіпкерлік субъектілері несиенің пайыздық ставкаларын айтарлықтай төмендетуге қол жеткізеді. Яғни, мемлекет өтейтін болады. Мәселен, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бағыты бойынша өңдеуші өнеркәсіптегі жобалар үшін 3 млрд теңгеге дейін 19,75%-бен несие беріледі. Алғашқы 3 жылда 8%-бен, 4-жылы 9%-бен, 5-жылы 10%-бен есептеліп, қалған пайызын мемлекет субсидиялайды. Қалған бағыттар бойынша да маңызды қолдаулар қарастырылған. Соңғы жылдары әлеуметтік кәсіпкерлікке де айрықша көңіл бөлініп отыр. Әлеуметтік кәсіпкерлік реестрінің тізіліміне кіргізілген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар (ірі кәсіпкерлік субъектілерінен басқа) мемлекеттен 5 млн теңгеге дейін грант алуға өтініш бере алады.

Ауылдық елді-мекендерде кәсіпкерлікті дамыту мақсатында қолға алынған «Бір ауыл – бір өнім» жобасын, сондай-ақ, ауыл тұрғындарына 2,5%-бен несие беруді көздейтін «Ауыл аманаты» бағдарламасын да атап өту қажет. Бұл өте дұрыс бастама болғанымен, оны іске асыру механизмі мен нәтижесіне ерекше бөлінуі тиіс. Дегенмен, кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау сыни талдаулар жасауды, жүйелеуді, берілген қаражаттың тиімділігін бағалауды және нақты нәтижелер бойынша іс-шаралар қабылдауды қажет етеді.

Қорытынды

Еліміз егемендігін алып, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өту жолын таңдау арқылы бірқатар экономикалық реформаларды іске асырды. Солардың ішінде ең маңыздыларының бірі мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру болды. Өйткені, шағын және орта кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуы жекешелендіру үрдісін іске асырумен тікелей байланыста қарастырылады. Кәсіпкерліктің түрлі салаларда қалыптасуы мен дамуы мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру бағдарламаларының жүзеге асуымен қатар орын алды. Сонымен бірге, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті дамыту мен қолдауға айрықша назар аударылды.

Шағын зерттеу жұмысында атап көрсеткеніміздей, кәсіпкерлікті, әсіресе шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бойынша бірнеше мемлекеттік бағдарламалар, ұлттық жоба, тұжырымдама қабылданды. Алайда, олардың барлығы бірдей күтілген нәтижелерге қол жеткізе алмады. Тіпті, кейбіреуі жүзеге асыру мерзімі аяқталмастан тоқтатылып, күшін жойды. Едәуір жақсы нәтижелер мен тың серпін берген бағдарламалар да болды. Ол жөнінде мақалада нақты сандық мәліметтер келтірілді. Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, кәсіпкерлікке қатысты мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау жөнінде жүйелі жұмыстар жасалмағандығы анықталды.

Сонымен, шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бойынша мынадай тұжырымдар мен ұсыныстар жасауға болады:

- ♦ мемлекеттік қолдау кешенді түрде жүргізілуі қажет. Яғни, микро, мезо, макродеңгейлерді қамтығаны дұрыс;
- ♦ ұзақ мерзімді мемлекеттік қолдау бағдарламаларының тиімділігі төмен екендігі анықталды. Сондықтан, тек қысқа немесе орта мерзімді қамтуы тиіс;
- ♦ мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау және бақылау жүйесі әзірленуі қажет;
- ♦ мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу, қабылдау және іске асыру бойынша жауапкершілікті күшейту, іскерлік ортада, кәсіпкерлермен талқылап, жасалған ұсыныстарды ескеру керек;
- ♦ мемлекеттік қолдаудың қаржылық және қаржылық емес қолдау тетіктеріне зерттеу жүргізіп, тиімсіз құралдарды қысқарту және жаңа құралдарды енгізу жолдарын қарастырған дұрыс.

Елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жүйесін жетілдіру мақсатында шетелдік озық тәжірибелерді зерттеу арқылы ұтымды тұстарын пайдалану мүмкіншіліктерін де қарастыру қажет.

Көптеген елдердің тәжірибесінде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаумен айналысатын арнайы мемлекеттік құрылым бар. Мәселен, Жапония елінде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаумен айналысатын мемлекеттік агенттік бар. Ол бірқатар ірі мемлекеттік және жеке ұйымдармен, ғылыми-зерттеу орталықтарымен тығыз қарым-қатынаста бола отырып кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту инфрақұрылымына айрықша көңіл бөледі. Осы мақсатта құрылған шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және инновация жөніндегі ұйымның құрамына төрт технологиялық парк, бизнес-инкубаторлар, шағын және орта кәсіпкерлікті басқару мен технологияларды жетілдіру бойынша тоғыз институт кіреді.

Жапонияда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруда шағын бизнесті дамыту бойынша мемлекеттік корпорация маңызды рөл атқарады. Бұл мемлекеттік құрылым негізгі және айналым капиталын ұлғайту мақсатында жеңілдетілген шартпен ұзақ мерзімді несие беруді қарастырады. Өндіріс технологиялары мен жаңа өнімдер әзірлеу бойынша жобаларды іске асыруға арналған несиелерді жергілікті билік органдары максималды төмендетілген пайыздық ставкамен береді. Сонымен қатар, жекелеген өңірлердің экономикасын дамыту және компаниялар арасындағы технологиялық, өнеркәсіптік байланысқа бағытталған жаңа шағын және орта кәсіпорындарды құруға ерекше көңіл бөледі.

Қытай Халық Республикасының (ҚХР) тәжірибесі де назар аударарлық. Себебі, Қытайда шағын және орта бизнесті қолдау белсенді түрде жүргізіледі және «ұжымдық басқару» тәжірибесі жиі қолданылады. Бірыңғай басқару орталығы жоқ болғанымен, басқарудың салалық органдары тиімді жұмыс жасайды және шетелдік нарыққа шығу мүмкіндіктерін қарастырады. Ол Қытайдағы шағын және орта кәсіпорындардың сыртқы ынтымақтастық бойынша үйлестіру орталығы деп аталады. Сонымен бірге China SME Online (CSMEO) қоғамдық ақпараттық қызметі ҚХР барлық өңірлері бойынша өз қызметін жүргізеді. Күн сайын оның қызметіне 200 000-нан астам клиенттер жүгінеді. Осы ақпараттық желі арқылы шағын және орта бизнеске қатысты барлық пайдалы ақпараттарды алуға болады. Тіпті, елдің әртүрлі өңірлері мен қалаларындағы шағын және орта бизнестегі бос жұмыс орындары, өнімдер мен қызметтер нарығындағы жағдай туралы да шынайы ақпараттар жарияланады.

Францияда үкіметтің қолдауымен Кәсіпкерлік жөніндегі арнайы агенттік құрылған. Ол шағын және орта бизнесті қолдаудың көптеген құралдарын ұсынады. Шағын және орта кәсіпорындардың қызметін қаржыландырумен байланысты қолдау көрсететін OSEO мемлекеттік ұйымы құрылған. Бұл ұйым көбінесе шағын инновациялық жобаларды қаржыландырады және несие алу кезінде гарант бола алады.

Германияда өз ісін жаңадан бастаған барлық кәсіпкерлер 50 мың евро мөлшерінде 20 жыл мерзімге жеңілдетілген несие алуға құқылы. Мемлекет инновациялық және ғылыми қызметке жақсы қолдау көрсетеді. Осындай қызметпен айналысатын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің 40 мың евроға дейін шығындарын өтеуге дайын. Шағын және орта бизнес үшін әр алуан жеңілдіктердің болуына байланысты ірі бизнестің өзі бөлшектенетін жағдайлар кездеседі.

АҚШ-та 1953 жылдан бастап қызметін жүзеге асырып келе жатқан АҚШ Президенті жанындағы шағын бизнес әкімшілігі (SBA) өзінің тиімділігін әлдеқашан дәлелдеген. Ол шағын бизнеске қаржылық қолдау көрсетеді, мемлекеттік тапсырыстар алуға көмектеседі, жаңа кәсіпкерлік идеяларға сараптама жүргізеді, техникалық көмек және басқару аясында консалтингтік қызметтер ұсынады [19].

Шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бойынша шетелдік тәжірибені зерттеу тәжірибесінен байқағанымыздай, шағын және орта бизнесті жан-жақты қолдаумен тікелей айналысатын арнайы мемлекеттік құрылым бар. Сондықтан біздің елімізде де Президентке тікелей есеп беретін және бағынатын шағын және орта бизнесті қолдау агенттігін ашқан дұрыс. Себебі, дәл қазіргі сәтте бұл сфера көптеген трансформацияны қажет етеді. Яғни, бизнес субъектісін тіркеуден бастап сыртқы нарыққа (экспортқа) шығуға дейінгі барлық кезеңдер бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуі тиіс. Әсіресе, шағын және орта кәсіпкерлік

инфрақұрылымын дамыту, тиімді жұмыс жасауын қамтамасыз ету, қаржыландыру, несиелеу, инвестиция тарту мәселелері, салық салу жүйесі, көлеңкелі экономикаға кетуіне жол бермеу, мемлекеттік қолдаудың жүйелілігі мен кешенділігі, мемлекет тарапынан бөлінген қаражатты қадағалау және басқа да мәселелер осы органның үйлестіруімен және бақылауымен жүзеге асырылса нәтижелілігі жоғары болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған жолдауы: Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары. 01.09.2023 ж. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletty-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333>
- 2 Сабден О.С. Модернизация общественного развития и новая парадигма управления государством // Век глобализации. – 2018. – № 2. – С. 43–56.
- 3 Дарибаева А.К., Курманкулова Н.Ж., Карбетова Ш.Р. Развитие массового предпринимательства в Казахстане // Вестник Карагандинского университета. Серия Экономика. – 2018. – № 3 (91). – С. 173–179.
- 4 Дюсембаева Л.К. Роль малого предпринимательства в экономическом развитии РК // International Journal of Professional Science. 2020. No. 10.2. P. 16–21.
- 5 Сабинова Р.К., Мусаева А.А., Тажиенова А.Р. Жастар жұмыссыздығын төмендетудегі шағын кәсіпкерліктің рөлі // Экономика: стратегия и практика. – 2021. – № 1(16). – Б. 117–129.
- 6 Краковецкая И.В., Воробьева Е.С., Вотякова И.В., Черняк М.Э., Макаров И.В. Тенденции развития малого и среднего бизнеса в Российской Федерации в кризисных условиях: вызовы и перспективы // Экономика, предпринимательство и право. – 2021. – № 1. – Т. 13. – С. 113–124.
- 7 Мызрова К.А., Спектор А.А., Заводцов А.С. Малый бизнес: тенденции, перспективы, условия развития // Экономика, предпринимательство и право. – 2024. – № 5. – Т. 14. – С. 2141–2157.
- 8 Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993–1995 жылдарға арналған (II -кезең) Ұлттық бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы №1135 Жарлығы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U930001135>
- 9 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 168 Қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы–2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500000168>
- 10 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 968 қаулысымен «Бизнестің жол картасы–2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000968>
- 11 Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми сайты. URL: [https://stat.gov.kz/upload/iblock/297/5drukh3xts64m4z9gvg0cao31h7c6wiv/%D0%9C%D0%A1%D0%9F%20\(%D0%BA%D0%B0%D0%B7\).pdf](https://stat.gov.kz/upload/iblock/297/5drukh3xts64m4z9gvg0cao31h7c6wiv/%D0%9C%D0%A1%D0%9F%20(%D0%BA%D0%B0%D0%B7).pdf)
- 12 Насколько эффективна господдержка бизнеса в РК в период пандемии. URL: https://forbes.kz/articles/effektivnost_mer_gospodderjki_biznesa_v_kazahstane_v_period_pandemii_koronavirusa
- 13 An Analysis of Government Support Programs for Small Business Development and Growth // Scholedge International Journal of Business Policy & Governance. 2023. Vol. 10. Issue 02.
- 14 «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000746>
- 15 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 728 қаулысымен бекітілген 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000728>
- 16 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № 250 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000250>
- 17 Government financial support and financial performance of SMEs: A dual sequential mediator approach // Heliyon. 2022. No. 8. P. 11351. URL: <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2022.e11351>
- 18 Kookueva V., Tsertseil J. The role of state support for small and medium-sized businesses in the context of innovative economic development // E3S Web of Conferences. 2020. No. 220. P. 1031. URL: <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202022001031>

19 Версоцкий Р.Р. Зарубежный опыт поддержки малого и среднего предпринимательства и возможности его применения в современной России // Управленческое консультирование. – 2019. – № 7. – С. 108–114. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/zarubezhnyi-opyt-podderzhki-malogo-i-srednego-predprinimatelstva-i-vozmozhnosti-ego-primeneniya-v-sovremennoi-rossii>

REFERENCES

- 1 Qazaqstan Respublikasynyñ Prezidenti Q.K. Toqaevtyñ Qazaqstan halqyna arnağan joldaу: Ädiletti Qazaqstannyñ ekonomikalyq baǵdary. 01.09.2023 j. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-adiletty-kazakstannyn-ekonomikalyk-baǵdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdaу-18333>. (In Kazakh).
- 2 Sabden O.S. (2018) Modernizacija obshhestvennogo razvitiya i novaja paradigma upravlenija gosudarstvom // Vek globalizacii. No. 2. P. 43–56. (In Russian).
- 3 Daribaeva A.K., Kurmankulova N.Zh., Karbetova Sh.R. (2018) Razvitie massovogo predprinimatel'stva v Kazahstane // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya Jekonomika. No. 3 (91). P. 173–179. (In Russian).
- 4 Djusembaeva L.K. Rol' malogo predprinimatel'stva v jekonomicheskom razvitii RK // International Journal of Professional Science. 2020. No. 10.2. P. 16–21. (In Russian).
- 5 Sabirova R.K., Musaeva A.A., Tajidenova A.R. (2021) Jastar jümıssyzdyǵyn tömendetudeǵı saǵyn käsıperliktiñ röli // Ekonomika: strategiya i praktika. No. 1(16). P. 117–129. (In Kazakh).
- 6 Krakoveckaja I.V., Vorob'eva E.S., Votjakova I.V., Chernjak M.Je., Makarov I.V. (2021) Tendencii razvitiya malogo i srednego biznesa v Rossijskoj Federacii v krizisnyh uslovijah: vyzovy i perspektivy // Jekonomika, predprinimatel'stvo i pravo. No. 1. V. 13. P. 113–124. (In Russian).
- 7 Myzrova K.A., Spektor A.A., Zavodckov A.S. (2024) Malyj biznes: tendencii, perspektivy, uslovija razvitiya // Jekonomika, predprinimatel'stvo i pravo. No. 5. V. 14. P. 2141–2157. (In Russian).
- 8 Qazaqstan Respublikasynda memleket ieliginen alu men jekeşelendirudiñ 1993–1995 jyldarǵa arnalǵan (II-kezeñ) Ülttyq baǵdarlamasy turaly Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ 1993 jylǵy 5 nauryздаǵy No. 1135 Jarlyǵy. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U930001135_. (In Kazakh).
- 9 Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2015 jylǵy 31 nauryздаǵy No. 168 Qaulysymen bekıtilgen «Biznestiñ jol kartasy–2020» biznesti qoldau men damytudyñ bırıñǵai baǵdarlamasy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500000168>. (In Kazakh).
- 10 Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2019 jylǵy 24 jeltoqsandaǵy No. 968 qaulysymen «Biznestiñ jol kartasy–2025» biznesti qoldau men damytudyñ memlekettik baǵdarlamasy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000968>. (In Kazakh).
- 11 Qazaqstan Respublikasy strategialyq josparlau jáne reformalar agenttiginin Ülttyq statistika bürosynyñ resmi saity. URL: [https://stat.gov.kz/upload/iblock/297/5druxk3xts64m4z9gvg0cao31h7c6wiv/%D0%9C%D0%A1%D0%9F%D0%20%D0%BA%D0%B0%D0%B7\).pdf](https://stat.gov.kz/upload/iblock/297/5druxk3xts64m4z9gvg0cao31h7c6wiv/%D0%9C%D0%A1%D0%9F%D0%20%D0%BA%D0%B0%D0%B7).pdf). (In Kazakh).
- 12 Naskol'ko jeffektivna gospodderzhka biznesa v RK v period pandemii. URL: https://forbes.kz/articles/effektivnost_mer_gospodderjki_biznesa_v_kazahstane_v_period_pandemii_koronavirusa. (In Russian).
- 13 An Analysis of Government Support Programs for Small Business Development and Growth // Scholedge International Journal of Business Policy & Governance. 2023. Vol. 10. Issue 02. (In English).
- 14 «Nätijeli jümısspen qamtudy jáne jappai käsıperlikti damytudyñ 2017–2021 jyldarǵa arnalǵan «Eñbek» memlekettik baǵdarlamasy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000746>. (In Kazakh).
- 15 Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2021 jylǵy 12 qazandaǵy No. 728 qaulysymen bekıtilgen 2021–2025jyldarǵa arnalǵan käsıperlikti damytu jönindeǵı Ülttyq joba. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000728>. (In Kazakh).
- 16 Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2022 jylǵy 27 säuirdeǵı № 250 qaulysymen bekıtilgen Qazaqstan Respublikasynda saǵyn jáne orta käsıperlikti damytudyñ 2030 jylǵa deingi tüjyrymdamasy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000250>. (In Kazakh).
- 17 Government financial support and financial performance of SMEs: A dual sequential mediator approach // Heliyon. 2022. No. 8. P. 11351. URL: <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2022.e11351>. (In English).
- 18 Kookueva V., Tsertseil J. (2020) The role of state support for small and medium-sized businesses in the context of innovative economic development // E3S Web of Conferences. No. 220. P. 1031. URL: <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202022001031>. (In English).
- 19 Versockij R.R. (2019) Zarubezhnyj opyt podderzhki malogo i srednego predprinimatel'stva i vozmozhnosti ego primeneniya v sovremennoj Rossii // Upravlencheskoe konsul'tirovanie. No. 7. P. 108–114. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/zarubezhnyj-opyt-podderzhki-malogo-i-srednego-predprinimatelstva-i-vozmozhnosti-ego-primeneniya-v-sovremennoj-rossii>. (In Russian).

ЕЛШИБАЕВ Р.К.,*¹

к.э.н., профессор.

*e-mail: rakymzhan.yelshibayev@bk.ru

ORCID ID: 0000-0001-7119-7400

УКУБАСОВА Г.С.,²

PhD, к.э.н., профессор.

e-mail: Ukubasova_g@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6771-7378

АМИРБЕКОВА А.Б.,³

м.э.н., ст. преподаватель.

e-mail: ainurkhan@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-0965-1382

ТУНГАТАРОВА Б.М.,⁴

докторант.

e-mail: Botakoz737@gmail.com

ORCID ID: 0009-0006-3006-9393

¹Университет Нархоз,

г. Алматы, Казахстан

²Есиль университет,

г. Астана, Казахстан

³Международный Таразский

университет им. Ш. Мұртазы

г. Тараз, Казахстан

⁴Казахстанско-Британский

технический университет,

г. Алматы, Казахстан

ВОПРОСЫ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКИ МАЛОГО И СРЕДНЕГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

Роль и значение предпринимательства в национальной экономике не вызывают споров. Как известно, приоритетом является развитие малого и среднего предпринимательства. Это прежде всего залог социально-экономического развития страны. Со стороны государства созданы все условия, но конкретные результаты не достигнуты. Это обстоятельство говорит о необходимости проведения исследований в этом направлении. Целью исследовательской работы является оценка состояния становления и развития малого и среднего предпринимательства, влияния системы государственной поддержки и разработка рекомендаций по ее совершенствованию. В нашей стране с первых лет независимости и до настоящего времени применяются различные инструменты поддержки предпринимательства. Принят и реализован ряд государственных программ. Но реальные результаты низкие. В этом направлении были проведены исследования по критическому анализу, систематизации, оценке. Результаты исследования показали, что принятые и реализованные в стране программы государственной поддержки малого и среднего предпринимательства не оказали существенного положительного влияния на его динамичное развитие, улучшение показателей. Даже некоторые программы были приостановлены или отменены до завершения периода реализации. Инициативы государства по развитию предпринимательства не доведены до конца, соответственно, конкретных результатов не было. По данному вопросу сделаны авторские выводы и рекомендации. Все это говорит о высокой научной и практической значимости. Ценность исследовательской работы характеризуется прежде всего систематизацией, оценкой результатов и разработкой научно обоснованных рекомендаций и выводов по совершенствованию государственной поддержки для развития предпринимательства, в том числе малого и среднего предпринимательства в стране. Результаты исследования положительно скажутся на развитии субъектов малого и среднего бизнеса, повышении эффективности деятельности. Поэтому имеют не только теоретическое, но и практическое значение.

Ключевые слова: малое и среднее предпринимательство, национальная экономика, частная собственность, приватизация, развитие, конкурентная среда, инвестор, государственная программа.

YELSHIBAYEV R.K.,*¹

c.e.s., professor.

*e-mail: rakymzhan.yelshibayev@bk.ru

ORCID ID: 0000-0001-7119-7400

UKUBASSOVA G.S.,²

PhD, c.e.s., professor.

e-mail: Ukubasova_g@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6771-7378

AMIRBEKOVA A.B.,³

m.e.s., senior lecturer.

e-mail: ainurkhan@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-0965-1382

TUNGATAROVA B.M.,⁴

PhD student.

e-mail: Botakoz737@gmail.com

ORCID ID: 0009-0006-3006-9393

¹Narxoz University,

Almaty, Kazakhstan

²Esil University,

Astana, Kazakhstan

³International Taraz University

named after Sh. Murtaza,

Taraz, Kazakhstan

⁴Kazakhstan-British Technical University,

Almaty, Kazakhstan

ISSUES OF STATE SUPPORT FOR SMALL AND MEDIUM ENTREPRENEURSHIP IN KAZAKHSTAN

Abstract

The role and importance of entrepreneurship in the national economy is not controversial. As it is known, the priority is the development of small and medium-sized enterprises. Because this is, first of all, the key to the socio-economic development of the country. So far all conditions have been created by the state, but no concrete results have been achieved. This circumstance indicates the need for research in this direction. The purpose of the research work is to assess the state of formation and development of small and medium-sized enterprises, the influence of the state support system and develop recommendations for its improvement. From the first years of independence to the present, various tools for supporting entrepreneurship have been used in our country. A number of government programs have been adopted and implemented. But the real results are low. In this direction, a study was conducted on critical analysis, systematization, and evaluation. The results of the study showed that the programs of state support for small and medium-sized enterprises adopted and implemented in the country did not have a significant positive impact on its dynamic development and improvement of indicators. Even some programs were suspended or canceled before the implementation period ended. State initiatives to develop entrepreneurship have not been completed, respectively, there have been no concrete results. Author's conclusions and recommendations were made on this issue. All this speaks of high scientific and practical significance. The value of research work is characterized primarily by systematization, evaluation of results and the development of scientifically based recommendations and conclusions on improving state support for the development of entrepreneurship, including small and medium-sized enterprises in the country. The results of the study will have a positive effect on the development of small and medium-sized businesses, increasing the efficiency of activities. Therefore, they have not only theoretical, but also practical significance.

Key words: small and medium entrepreneurship, national economy, private property, privatisation, development, competitive environment, investor, state programme.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 03.10.2024